

Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 маусымдағы "Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" № 35/02 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 14/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 наурызда № 27198 болып тіркелді

Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 3 маусымдағы "Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы" № 35/02 қаулысына (Нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5860 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы
әкімдігінің
2022 жылғы 14 наурыздағы
№ 14/01
қаулысына қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2020 жылғы 3 маусымдағы
№ 35/02 қаулысына қосымша

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативі

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, облыстық

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін облыстық бюджетке аудару нормативі былайша айқындалады:

таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін	таза кіріс сомасынан 5 пайыз
таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	3 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 150 000 теңге + 10 пайыз
таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	50 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 4 850 000 теңге + 15 пайыз
таза кіріс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	250 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 34 850 000 теңге + 25 пайыз
таза кіріс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін	500 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 97 350 000 теңге + 30 пайыз
таза кіріс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары	1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 247 350 000 теңге + 50 пайыз

2. Денсаулық сақтау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыратын облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар үшін аудару нормативі 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

3. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бөлігі кәсіпорынды дамытуға, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды басқаруды жүзеге асыратын органмен келісілген нақты жобаларға жұмсалсын.